2024 жылғы қаңтар-желтоқсандағы
құрылыс материалдары өндірісі

Қазақстан Республикасындағы құрылыс материалдарын өндіру көлемі 2024 жылғы қаңтар-желтоқсанда **1 336** млрд. теңгені құрады, бұл атаулы мәнде 2023 жылғы ұқсас кезеңнен **6,9%-**ға жоғары *(1 249 млрд. теңге).*

Өнімнің нақты көлемінің индексі 2024 жылғы қаңтар-желтоқсанда **97,8%** құрады. Заттай мәнде өсу келесі тауарлар бойынша байқалады:

- ескерткіштер, әрлеуге және құрылысқа арналған өңделген тас *(+24,8%);*
- қож, минералды мақта *(+22,4%)*
- шақпақтасты ұннан немесе диатомитті топырақтан басқа, отқа төзімді емес құрылыс керамикалық кірпіштер

(+7,7%);

- гипсокартон *(+1,4%).*

Құрылыс материалдары өнімдерінің экспорты 2024 жылдың қаңтар-қараша айларында 2023 жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда **12,1%-**ға өсіп, **254,9 млн. АҚШ долларын** құрады. Заттай мәнде экспорт көлемі **1 326,3 мың тоннаны** құрап, **11%-**ға төмендеді, ал өткен жылдың осы кезеңінде ол 1 501 мың тонна деңгейінде болды. Экспорттың негізгі топ-елдері: Ресей *(62,2%),* Қырғызстан *(16,6%)* және Өзбекстан *(9,4%).*

2024 жылғы қаңтар-қарашада отандық нарыққа құрылыс материалдарының импорты **1 204,4 млн. АҚШ долларын** құрап, 2023 жылғы ұқсас кезеңге қарағанда **10%-ға** өсуді көрсетті. Заттай көріністе тауарлар көлемі **3 198** мың тоннаны құрап, 2023 жылдың осы кезеңімен салыстырғанда **4,2%-**ға ұлғайды. Негізгі топ-импорттаушы елдер: Ресей *(46,5%),* Қытай *(24,6%)* және Өзбекстан *(7,2%).*

2024 жылғы қаңтар-қараша айларында Қазақстан Республикасының құрылыс материалдары нарығының көлемі **3 552,8 млн. АҚШ долларын** құрады, бұл ретте **ОТӨ үлесіне 66,1%, импорттық өнімнің үлесіне 33,9% келеді.**

Ағымдағы жылғы қаңтар-желтоқсан айларында құндық мәнде өндірістің ең көп көлемі Астана қаласына (өңірдің үлесі өндірістің жалпы көлемінде 13,5%), Қарағанды облысына (9,3%) және Алматы облысына (9,1%) тиесілі болып отыр.


QazIndustry

ПРОИЗВОДСТВО СТРОИТЕЛЬНЫХ МАТЕРИАЛОВ

январь-декабрь 2024 г.

1336
МЛРД ТГ

+6,9%



97,8%
ИФО

$254,9 МЛН



ЭКСПОРТ

Импорт 33,9%
ОТП 66,1%

$3553
МЛН


РЫНОК

$1204 МЛН



ИМПОРТ

Данные по рынку, экспорту и импорту за январь-ноябрь 2024 г.



ПРОИЗВОДСТВО В РЕГИОНАХ

АО «Казахстанский центр индустрии и экспорта «QazIndustry»
РК, 010000 г. Астана, пр. Кабанбай батыра, 17, тел: +7 (7172) 79 33 90 www.@qazindustry.gov.kz